



Автор: Нұркебаева Қарлығаш Андрейқызы

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің мектебім

Тақырып: Мектепке баратын жол

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	- Барлық оқушылар: Жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін біледі, түсінеді. - Көптеген оқушылар: Жол белгілерін басқа белгілермен салыстырады, күнелікті өмірде қолданады. - Кейбір оқушылар: Жол ережесін құрады,
Тілдік мақсаттар:	қауіпсіздік – безопасность – safety; жаяу жүргінші – пешеход – pedestrian; бағдарлам – светофор – traffic light.
Күтілетін нәтиже:	олда жүру ережесін біледі
Бағалау критерийлері:	Жолда жүру тәртібін біледі, жол белгілерін ажыратады - жолда жүру ережесін құрады, қолданады
Құндылықтарды дарыту:	Мектепке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, мұғалімді құрметтеуге баулу,
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайдтар, видеокөрсетілім www.youtube.com (жолда жүру әліппесі))
Пәнаралық байланыс:	өзін-өзі тану, көркем еңбек, жаратылыстану
Бастапқы білім:	Мен және менің мектебім

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Оқушыларды көлік түрлеріне қарай топқа бөлу Пазл құрастыру арқылы топқа бірігеді. 1-топ: жүк көлігі 2-топ: жеңіл мәшине 3-топ: қызметтік мәшине - Осы көліктерді қайдан кездестіреміз? (Оқушы ойы тыңдалады) Олай болса оқушылар, көліктер де адамдар да жол ережесіне бағынады. - Жол ережесін реттеп тұратын не? - Бағдарлам Психологиялық дайындық Жолды кесіп өтуге мен қамдансам, Қиылыста қарсы алады бағдарлам. Менікіндей екеу емес, үш көзді, Әр көзінің түсі бөлек, аңғарсаң.	
Сабақтың ортасы (20-минут)	Видеокөрсетілім «Жолда жүру әліппесі» - Бағдарлам не үшін керек? - Жол ережесін сақтау үшін - Жол ережесін сақтамасақ не болуы мүмкін? - Тағы қандай жол белгілерін білесіңдер? 1-тапсырма «Кір жайғыш жіп» әдісі (ұжымдық жұмыс) (жолақ жол, жаяу жүргіншілер жолы, жер асты жолы, ескерту белгілері) «Сәйкестендіру тесті» «Quizlet» бағдарламасы арқылы SMART оқытуды қолданамын (Жол белгілері мен атауларын сәйкестендіреді.) 2-тапсырма Саралау әдісі арқылы барлық оқушыны қамтимын. Зерттеушілік тапсырма (топтық жұмыс) 1-топ Жолда жүру ережесіне сүйеніп, мектепке баратын жолында қандай жол белгілері кездесетінін атайды. (Оқушылар сызба арқылы мектепке баратын жолда өмір қауіпсіздігін сақтау жолдарын түсіндіреді, ереже құрады 2-топ: Дұрыс суретті табады. (өз ережелерін қорғайды) 3-топ: - Мектепке дейін қандай жол белгілерінен өтесіздер? (Әр оқушы мектепке дейін қандай жол белгілерінен өтеді сипаттап айтады, белгілерді салады) Бұл сенің бағытың - Жол ережесін сақтау не үшін керек? - Өмір қауіпсіздігін сақтау үшін.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5минут)	"Мылқау сурет" әдісі	
Рефлексия (5 минут)	Қалыптастырушы бағалау арқылы бағалау Қ.Б«Сәйкестендіру тесті» әдісі Дескриптор -Жол белгілерін атайды -Жол белгілері мен атауларын сәйкестендіреді Қ.Б «Бес қадам» әдісі арқылы Дескриптор -Мектепке баратын жолының бағытын сызады -Жолда жүру ережесін құрады. - Макетін құрастырады Қалыптастырушы бағалау арқылы оқушылардың қай тұста тұрғанын анықтаймын.Оқушы қажеттіліктеріне қарай өзгертіп отырамын.	